



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ



Жаратылыстану және география институты қазан айының 12-16 аралығында «Докторанттардың шеберлік апталығын» өткізеді. Апталық аясында институт докторанттарының қатысуымен мынадай шаралар жүзеге асырылады.

- 1) «**Ғылыми зерттеулерге жаңа көзқарас**» атты вебинарлар (дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері сағат 16.00-17.00 аралығында);
- 2) «**Үздік мақала**» байқауы;
- 3) «**Қашықтан оқыту – білімді цифрландырудың қозғаушы күші**» тақырыбында **үздік пост** байқауы.

Байқауларға Жаратылыстану және география институтының барлық докторанттары мен магистранттары қатыса алады.

Байқаулардың жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

### **Пост жариялауға қойылатын талаптар:**

- пост Facebook немесе Instagram әлеуметтік желілерінің бірінде жариялануы қажет;
- Пост жариялау кезінде Жаратылыстану және география институтының парақшаларын (facebook-де: [Жаратылыстану География Институты](#); Instagram-да: kaznu.zhgi) белгілеу керек;
- сауатты жазылуына (орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық) мән беру қажет;
- жеке көзқарастың көрініс табуы, теоретикалық негіздеме, фактілі дәлелдер (аргументтер) және цитаталарды келтіру сияқты мәселелерді де ұмытпаған жөн;
- қашықтан оқыту жағдайында білімді цифрландыру бойынша өзгерістерді немесе атқарылып жатқан жұмыстарды Абай атындағы ҚазҰПУ мысалында көрсетуге болады.

*«Үздік постты» анықтау кезінде ең көп лүпіл жинаған және пікір жазылған посттарға басымдылық беріледі. Посттағы мәтіннің көлеміне және салынған суреттің санына шектеу қойылмайды.*

### **Мақалаға қойылатын талаптар:**

- ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдар тізіміне енетін журналдың мақалаға қойылатын талаптарына сай рәсімделуі қажет (ҚазҰУ <https://www.kaznu.kz/ru/17296/page> немесе ҚазҰПУ хабаршысы <http://vestnik.kazmkpu.kz/>);
- бұрын жарияланбаған және өзекті тақырып төңірегінде жазылуы қажет.

Байқауға бір автордан (докторанттан) 1 мақаладан артық қабылданбайды. Плагиатқа жол берілмейді. Байқауға мақалалар [nimo\\_2020@mail.ru](mailto:nimo_2020@mail.ru) почтасы арқылы қабылданады.